

«Теректі негізгі мектебінің» 2-сынып жетекшісі Бейсова Айгүлдің тәрбие жұмыстарының 2022-2023 оқу жылының

Есебі

202-2023 оқу жылында 8- сынып оқушыларына тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. 2- сыныпта 8 оқушы тәлім алды. Жыл басында ата- аналарға арналған сынып жиналысы өтіп, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар мен ата-аналар комитеті құрылды. Ата- аналар комитетінің төрайымы болып Рахметова Шынар сайланды.

Тәрбие жұмысының жоспарына сай жоспарланған тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп отырылды. Қыркүйек айында, білім күніне орай, «Білімге ұмтылу – Отаншылдық және еңбексүйгіштік» тақырыбында білім сабағы өткізілді. Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай «Бағдаршам - біздің досымыз» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Отбасы тәрбиесі бағытына негізделген «Отбасы – бақыт аясы» тақырыбында әңгіме сабағы өтті. Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық туған күніне орай «Әлемге әйгілі - Әуезов» тақырыбында ақпараттық –танымдық сабақ өткізілсе, Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ана тілімізді құрметтейміз» тәрбие сағатты өтті.

Қазан айында, 1-қазан қарттар күніне орай «Ата- әулеттің тірегі, Әже – ұрпақтың» жүрегі тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізіліп, сынып оқушыларының ата-әжелері кешке шақыртылды. Рухани адамгершілік тәрбиеге негізделген «Жақсы деген немене, Жаман деген немене?» тақырыбында әңгімелесу сабағы өтті. Аудандық музейге саяхатқа барып оқушыларға аудан тарихымен таныстырылды. Мәншүк Мәмбетованың 100жылдығына орай «Батыр Мәншүк – 100 жаста» атты ақпараттық –таным сабағы өтті. «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» тақырыбында сурет галериясына сахат жасалып, ою-өрнектеріміздің мән мағынасы түсіндірілді.

Қараша айында, 15 қараша ұлттық валюта күніне орай «Теңге- ұлттық ақшамыз» тақырыбында таным сабағы, «Мамандықтың бәрі жақсы», «Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ» тәрбие сағаттары болып өтті. «Көңілді эстафета» сайыс сабағы болды.

Желтоқсан айында, 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік - тірегім» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды. «Ұлттық

ойынсой сергітер ойын сабағы,» «Қош келдің жаңа жыл» тақырыбында ертеңілік ұйымдастырылды.

Қаңтар айында, Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай «Йәәлқан Нұршайықовтың нақыл сөздері» тақырыбында танымдық сабақ, «Жақсы мінез – жан азығы» әңгіме сағаты, Дінмұхамбет Қонаевтың туған күніне 110 жыл толуына орай «Мақтан тұтар ұлы тұлға» таным сабағы болып өтті.

Ақпан айында, «табиғат және біз» тақырыбында сурет салды. «Рәмііздер - елдігіміздің белгісі» тарихи видео журнал ұйымдастырылса, «Қазақтың ұлттық аспаптары» танымдық сағаты өткізілді.

Наурыз айында, алғыс айту күніне орай «Ризашылық пен алғыс» тақырыбында ашық хаттар әзірледі. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытына негізделген «Пайдалы кеңестер және жағымсыз әдеттер» тақырыбында дәрігермен кездесіп кеңестер берілді. Наурыз мерекесіне орай, «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды. «Сыр сандық» тақырыбында мың бір мақал, жүз бір жұмбақ сайысы өтті.

Сәуір айында, денсаулық күніне орай «Тазалық *-денсаулық кепілі» сабағы, «Қаз дауысты Қазыбек би» танымдық сабағы, «Адал еңбек», «Қазақ елі – ұлы достық мекені» танымдық сабақтары ұйымдастырылып өткізілді.

Мамыр айында, Талғат Бегелддиновтың туғанына 100 жыл туғанына орай «Ер есімі ел есінде» таным сабағы, «Менің сүйікті отбасым» сурет галереясы, «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында көрініс ұйымдастырылды. Жыл соңында «Біздің сыныптың жетістіктері» тақырыбында оқушыларымыздың жыл бойын алған детістіктерін саралап, қортынды сабақ өткізілді.

Тәрбие сағаттарымен бірге жолда жүру ережелері уақытылы өткізіліп отырды. Оқушыларымыз мектепішілік, аудандық жарыстар, а қатынасып жүлделі орындарды да иемденді.

Сынып жетекшісі:

Бейсова Айгүл